

будущее. Воспитаем патриотов, деловых и здоровых людей, – значит, можно быть уверенным в развитии и становлении стабильного общества. В этом заключается государственный подход каждого педагога в деле воспитания молодежи.

#### Список литературы:

1. Из выступления Президента РК Н.А. Назарбаева 10 января 2018  
Ибраев Т.К. Теоретико-методологические аспекты социально- образовательной сферы в условиях реформирования. – Астана. : Проспект, 2017. -157 с.
2. Айдарова К.Б. ,Поливанова А.А.Социальные вопросы воспитания современной молодежи// Современные аспекты науки и образования. 2017. № 7. URL: [www.science-journal.ru/124-214885](http://www.science-journal.ru/124-214885) (дата обращения: 09.12.2017).
3. Капралов Р.М. Работа классного руководителя с родителями Москва, 1980. //Начальная школа Казахстана// 2007. № 6.
4. Кузнецов И.Н. Настольная книга преподавателя Минск, 2005. //Начальная школа Казахстана// 2007. № 6.

### ОТБАСЫ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖІКТЕМЕСІ

Абсатова Марфуга Абсатқызы  
педаг.ғылым.докторы,  
Абай ат.ҚазҰПУ профессоры  
Нишанбаева Сабира  
Абай ат.ҚазҰПУ 3 курс докторанты  
Алматы қ.

#### Аннотация

*Зерттеулер талдауы көрсеткендей, отбасы мен отбасы ішіндегі қатынастарды құру мәселенің көкейтестігі студенттер шағында ие болады. Зерттеудің мақсаты педагогика ғылымындағы отбасы –адамгершілік құндылықтар мәселесін жан-жақты қарастырып, олардың жіктелімін көрсету.*

#### Аннотация

*Анализ исследований показывает, что актуальность семьи и семейных отношений приобретает именно в студенческом возрасте. Цель исследования на основе анализа педагогической науки разносторонне раскрыть проблему семейно –нравственных ценностей и предложить их классификацию.*

#### Abstract

*By the results of the scientific research, the relations in the family begins from the students age. The aim of the study is to examine the problems of the moral values of the family in pedagogical science.*

**Түйінді сөздер:** құндылықтар, отбасы –адамгершілік құндылықтар,отбасы, жіктеме.

**Ключевые слова:** ценности, семейно-нравственные ценности, семья, классификация.

**Keywords:** values, family –humanity values, family, to sort.

Зерттеулер талдауы көрсеткендей, отбасы мен отбасы ішіндегі қатынастарды құру мәселенің көкейтестігі студенттер шағында ие болады, бұл кезде әрі қарай кәсіби жол таңдалған және кәсіби өзін-өзі анықтау сауалдары орнына өзін жеке тұлғалық қатынастар саласында жүзеге асыру сауалдары келеді. Толыққанды отбасын құру және ата-ана рөлін табысты орындау мүмкіндігі көбінесе жас адамдардың саналы ата-ана болуына отбасылық құндылықтардың қалыптасу деңгейімен анықталады.

Өркениетті қоғамдастықтардың сан ғасырлық тарихы барысында адамзат адамның аса бағалы табиғи қабілеті және оның игілікке толы өмір сүруге, өзінің адами қасиеттері мен рухани-адамгершілік ұстанымдарын жан-жақты әрі толыққанды жүзеге асыруға деген талпынысы көрініс тапқан мінсіздік пен құндылық қағидаларын анықтап, негіздеуге айрықша көңіл бөлген. Ежелден-ақ «жеке тұлға рухани-адамгершілік түрлендірудің субъектісіне айналғанда жақын адамыңа деген жақсылық

пен мейірім, ар-ұят пен инабаттылық сияқты мәңгі құндылықтар жиынтығы» тәрбие үрдісінің басты мақсаты болған еді[1].

«Құндылықтар» ұғымын психология, әлеуметтану, мәдениеттану және педагогика тұрғысынан қарастыруға болады. Психология құндылықтарды танымдық сипаттағы психикалық құбылыс ретінде қарастырып, олар «ұстаным», «қатынас», «тұрғы» ұғымдарының мағынасына жақын мәнге ие дейді; әлеуметтану құндылықтар адамның өмірі мен оның тәрбиесін сипаттап, мақсатты түрде зерттеуді, түсініп ұғынуды және болжауды талап ететін нақты заттар, құбылыстар және үрдістер арқылы көрініс табады деген ұстанымды басшылыққа алады; мәдениеттану оларды белгілі бір қоғамда символдық және символдық емес сипаттағы жаппай қалаулы заттар ретінде, сондай-ақ, қоғамның беделді мүшелерінің қалаулы мінез-құлқына қатысты кеңінен таралған сенімдер ретінде қарастырады; педагогика жас ұрпақтың мәдени құндылықтарының қалыптасуының, отбасы мен мектеп жағдайында кейбір тәрбиелік міндеттерді шешудің жолдары мен тәсілдетін анықтайды.

Отбасылық рухани-адамгершілік құндылықтардың заманауи жағдайда қалыптасуының ерекшелігі ата-аналардың бұл дәстүрді тек педагогикалық жағынан (балаларға қатысты) ғана емес, сондай-ақ, жеке тұлғалық жағынан да (өзіне қатысты) игеру керектігі. Олар екі міндетті шешу керек: балалардың бойына сіңіргісі келетін рухани-адамгершілік мәдениет пен өмір салтын ұстанушыларға айналу; отбасыда баланың асқақ, қасиетті, мейірімді істерге талпынысы қалыптасып, нығаятын мәдени, психологиялық және рухани ахуал қалыптастырып, үздіксіз қолдап отыру.

Баланың жеке тұлғасының рухани-адамгершілік жетілуі идеясында отбасы әлеуметтік тәрбиенің теңдесі жоқ құралы болып табылады, сондықтан оның негізгі міндеті өсіп келе жатқан ұрпаққа әлеуметтік-адамгершілік бағыт-бағдар беру. Осыған орай, отбасы тәрбиесінің міндеттері: нәтижесінде бала ақиқатты шығармашылықпен түрлендіре алатындай балаға әлеуметтік өмірді түсінуді, оны ішкі сезіммен бойына сіңіруді, онда бағдарлануды үйрету. Балалардың бойында әлеуметтік қасиеттерді тәрбиелеудің негізгі педагогикалық құндылықтары мыналар: отбасы өмірінің салты, отбасылық қатынастар, ана тілі, ұлттық мәдениет, ойын баланың ішкі сезіммен әлеуметтік өмірге үйренудің басты құралы ретінде.

Н.А. Зелевская отбасы тәрбиесінің құндылықтарына тәрбие мұраты көрініс тапқан, отбасы тәрбиесінің мақсатын, мазмұнын, шарттарын, құралдары мен әдістерін айқындайтын рухани-адамгершілік бағдарлар деген анықтама береді. Н.А. Зелевская отбасы құндылықтарына мыналарды жатқызады: демократиялық бастамаларға құрылған отбасы; сүйіспеншілік; баланың еркіндігі мен оның жеке тұлғасының дербес құқықтылығы; тәртіп; таза өмір жағдайы; ата-ананың дұрыс үлгі көрсетуі; ата-ананың жалпы білімі мен педагогикалық дайындығының жақсы болуы; олардың тәрбиелік ықпалының бірлігі, саналылығы мен жүйелілігі; бірігіп еңбек ету; бос уақытты бірге өткізу; табиғат; ойын; дәстүрлер; халық ауыз әдебиеті; өнер; ұлттық мәдениет. Біз аталмыш көзқарасқа қосыламыз. Бұдан отбасы тәрбиесінің жүйе құраушы педагогикалық құндылықтарын бөліп қарастыруға болады: сүйіспеншілік; жылы отбасылық қатынастар; отбасылық өмір салты; ата-ананың тәрбиелік ықпалының бірлігі, саналылығы мен мақсаттылығы; ата-ананың жақсы үлгі көрсетуі; еңбек; отансүйгіштік; тәртіп; ұлттық мәдениет, тарих, шаруашылық; ана тілі; табиғат; ойын; жеке тұлғаның дербес құқықтылығы; іс-әрекет пен шығармашылық еркіндігі [2].

Ғылыми зерттеуіміздің аясында Е.И. Зритнева, В.А. Слостенин, Е.К. Узденова сияқты зерттеушілердің отбасы құндылықтары санаттарының мазмұндық толықтығы туралы көзқарастарына қосыламыз: отбасыдағы қызметтер құндылық ретінде (өсімпаздық, әлеуметтенушілік, экзистенциалды), ата-ана болу, балалар, туысқандық, отбасыдағы ара қатынастар, отбасыдағы сүйіспеншілік пен өзара сыйластық, бала тәрбиесі, физиологиялық қажеттілік, қаржы жетістігі, әйел мен ердің арасындағы

адамгершілік қатынас мәдениеті, жалпы адамзаттық адамгершілік ережелері, дәстүрлі этникалық мәдениет, рухани мәдениет[3].

Отбасының тұрмыс салты, отбасы тәрбиесінің дәстүрлері мен шарттары баланың жеке тұлғасының қалыптасуына айтарлықтай ықпал етеді, осылардың барлығы баланың алғаш рет әлеуметтік қасиеттері ашылатын ортаны түзейді. «Тұрмыс салты» дегенді Д.С.Лихачев тұрмыстың әсемдікке толы түрі; мәдени дәстүрден бастау алған тұрмыс деп түсіндіреді. «Тұрмыс салты» адамның іс-әрекетінің, қоғамның құрылысын түзейтін өмір өзегі, ол – адамның «әлеуметсізденіуне», қоғамның «құрылысының бұзылуына» қарсы тұрады. Әрине, мұндай тәрбиеде отбасының ішкі сабақтастығы мен отбасының тұрмыс салтының, «шағын» мәдени дәстүрінің келесі ұрпаққа берілуінің маңызы өте зор [4]. Отбасының дәстүрлі тұрмыс салты балаға өмірді жан-жақты тануға көмектесіп, өз күші мен қабілетіне қарай сол өмірге араласуды үйретті. Отбасының дәстүрлі рухани-адамгершілік қағидалары негізінде жеке тұлғаның әлеуметтік және рухани жағынан ары қарай қалыптасуы орын алады.

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, отбасылық рухани-адамгершілік құндылықтарды тектік және түрлік құндылықтар деп бөлуге болады. Адам, сүйіспеншілік, жақсылық, құрмет, пәктік, ақиқат, мәдениет, сенім, үміт, сұлулық, имандылық басты (абсолютті) рухани-адамгершілік құндылықтар болып табылады. Сондай-ақ, мынадай түрлік рухани-адамгершілік құндылықтарды бөліп қарастырамыз: табиғи-географиялық құндылықтар (табиғат жағдайы мен байлықтары, еңбек); қоғамдық-мемлекеттік құндылықтар (Отан, еркіндік пен теңдік, шындық, қауіпсіздік, абырой, бейбітшілік, кәсібилік); отбасының мәдени-ұлттық туыстық құндылықтары (қандас туыстық, балалар, анасы, әкесі, үй, денсаулық, отбасы татулығы, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, отбасы шығармашылығы).

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттер талдауы төменде 1 кестеде көрсетілгендей отбасы-адамгершілік құндылықтар жіктемесін ұсынамыз. (1 кесте).

1 кесте - Отбасы - адамгершілік құндылықтар жіктемесі

Тектік құндылықтар	Жоғары (абсолютті) рухани-адамгершілік құндылықтар
1	2
<b>Рухани-адамгершілік құндылықтар</b>	
Адам	«жаратылыс шегі» (Г.К. Селевко), Жеке тұлға, рухани-адамгершілік түрлену мен өзін-өзі еркін анықтау субъектісі ретінде, оның өмірі мен абыройы, әрдайым жаңарып отыратын әлеуметте жеке тұлғаның әрекет ету қабілетінің рухани және адамгершілік негізі, заманауи дүниетаным мәдениеті (Г.Н. Филонов)
Сүйіспеншілік	руханилықтың жоғары құндылығы (А.И. Кочетов), отбасы мүшелерінің бір-біріне рухани бауыр басуы, жауапкершілікпен қарауы, аманат ету, рухани демеу, адамгершілік сұлулық, ата-ананың жан тәнімен сүйіспеншілікке бөлеуі, сүйікті адамына айрықша қызығушылық таныту, шыдамдылық, адалдық, тілектестік, оң көзбен қарау, игі ниеттілік, ақ пейілділік
Жақсылық	ақ пейілділік, жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу, адамгершілік, аяушылық, елгезектік, жомарттық, ілтипатшылдық
Құрмет	жеке тұлғаның мүддесіне құрметпен қарау, талпынысын, абыройына, жақындарына деген көңіл күй-құндылық қатынасын құрметтеу, даралығын сыйлау, өзге адамға риясыз қарау, көңіл бөлу, қошемет көрсету
Пәктік	қарапайымдылық, жанының тазалығы, шыншылдық, инабаттылық, адалдық, ұстамдылық, рухани тазалық
Ақиқат	шынайылық, ойша, сезіммен, іс-әрекет арқылы шындықты дұрыс қабылдау, балалар мен ата-ананың рухани бірлігі
Мәдениет	мәдени-тарихи даму барысында адамзаттың жасаған материалдық және

	рухани құндылықтары, оқу, музыка, көркем-бейнелеу шығармашылығы, театр, мұражайлар, ұлттық және мәдени дәулет, «тірі мәдениет» (В.Д. Шадриков), ұлттық дүниетаным, «Ресей халықтарының дәстүрлі діндерінің мәдени құндылықтары» (И.В. Метлик)
Сенім	сенімділік, киелілер, тәубе ету, рухани рефлексия, жарқын болашақ деген сенім, «жанға пайдалы тәжірибе» (Л.В. Загрекова), «саналы сенім мен рухани өзін-өзі жетілдіру» (Л.И. Рувинский), «дінге қатысты отандастардың діндеріне шыдамдылық танытуға, құқықтары мен еркіндігіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, адамилық, мәдениеті өзгеше адамдарға елгезектік және құрмет көрсету» (И.В. Метлик)
Сұлулық	әдемілікке рухани ұмтылыс, әдемі сезімдерге, жан тебіренісіне, әсерлерге толы болу, әсемдік, таңданыс, сүйкімділік, қарым-қатынас үйлесімі, «сұлулық даналығы» (Б.М. Неменский)
Рухани тұтастық	Құдай, қайырымдылық, аяушылық, елгезектік, рухани бірлік, рухани ерлік, рухани ізденіс пен өсу, бойсұну, үлкендерге құрметпен қарау, отбасы – «кіші Шіркеу», рухани өзін-өзі басқару және өзін-өзі анықтау, шыдамдылық, мүдделердің ортақтығы
<b>Отбасының мәдени-ұлттық және туыстық құндылығы</b>	
Қандас туыстық	ата-бабаға тағзым ету, өз тегін мақтаныш ету, өз шешіресін білу, өмір мәні, ұрпақтардың рухани сабақтастығы, екі жақты өзін-өзі құрбан ету
Сәби (бала)	балаға деген сүйіспеншілік, өміріне жақсылық тілеу, адамгершілік мінез-құлқы үшін жауапкершілік, бойы мен ойының өсуіне, жеке тұлғалық, әлеуметтік денсаулығына қамқорлық ету, бала – жоғары құндылық, ұлдың (қыздың) парызы, ата-ананың жанкештілігі
Ана (ана болу)	жылу, мейірім, даналық, әділдік, төзімділік, шыдамдылық, елгезектік, ізгілік, еркелету, риясыз қамқорлық
Әке (әке болу)	отбасы үшін жауапкершілікті мойнына алу, данагөй тәлімгерлік, ержүректік, күш-жігер, асылдық, ар-намыс, абырой, батылдық, жігерлілік, шешім қабылдау жауапкершілігі
Үй (отбасы)	отбасы тұрмысын ұйымдастыруға арналған тұрғын үй ретінде, жылу, қонақжайлылық, ақ ниеттілік, жылы шырайлылық, ұқыптылық, тазалық, елгезектік, қорғаныш, өзара көмек, тұрмыс әдебі, тәртіп сақтау, отбасы бюджетін жоспарлау, жайлы шағын климат, дұрыс қарым-қатынас, қалыптасқан тәртіп, жайлылық, реттілік пен қолайлылық, жанға жайлы тыныштықты сезіну, жайластырылу, өмір мен қорғаныш көзі
Денсаулық	күш-жігер, төзімділік, жұмысқа қабілеттілік, рух беріктігі, салауатты өмір салты, халықтық медицина және денсаулық дәстүрлері
Отбасы татулығы	жарасымдылық, сый-құрмет, қадірлеу, бірге қуану, бейбітшілік, келісім, мейірімділік, ұжымшылдық, ерлі-зайыптылардың және отбасылық парыз, дау-жанжалдан шыға білу, адамгершілік тұтастық, жайлы әлеуметтік-психологиялық климат
Дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жоралар	діни жоралар, рухани қағидалар, отбасы мейрамдары, жинақтау, көркемсурет көрмесін жасау, фотосуреттер, бос уақытты отбасымен өткізу, отбасылық педагогикалық дәстүрлердің сабақтастығы, рухани тұрмыс салты, кішкентай балаларды әлпештеудің дәстүрлі тәсілдері, күн тәртібі, жәдігерлерге ұқыпты қарау, өзгешелік, орыстың (ұлттық) тағамдары, қонақжайлылық
Отбасы шығармашылығы	әртүрлі халық қолөнерін дамыту (өру, күйдіру, кестелеу, ағаш ою, балташылық, тоқыма, шілтер, ойыншық жасау), халық ауыз әдебиетін дамыту (ертегілер, әндер, өлеңдер ойлап табу, халық аспаптарында ойнауды үйрету), халықтың ұлттық мейрамдарын тойлау, көркем шығармашылық, халық өмірінің эстетикасы

Сонымен қатар, отбасы құндылықтары мен құндылық бағдарлар бойынша мынадай отбасы түрлері қарастырылады:

- отбасы құндылықтары (жеке немесе қоғамдық емес) бірінші орында;
- ерлі-зайыптылар үшін отбасы құндылықтарынан гөрі жеке құндылық бағдарлардың маңызы көбірек;
- ерлі-зайыптылардың біреуі жеке, ал екіншісі отбасылық құндылықтарды артық көретіндіктен құндылық бағдарлары әр түрлі;
- отбасылық және жеке құндылықтар белгілі бір уақытқа дейін тең дәрежеде;
- «ауыспалы» құндылықтары бар – бір кезеңде отбасылық құндылықтар, ал келесі кезеңде жеке құндылықтар бірінші орында.

Сонымен, жоғарыда қарастырылғанды қорыта келе, отбасы ішіндегі өзара қарым-қатынастың дамуына айтарлықтай әсер еткен рухани-адамгершілік құндылық бағдарланудың қарқынды өзгеруі, отбасы өмірінің эмоциялық-психологиялық қырының құндылығының артуы отбасы өміріне, отбасы қамқоршысы рөлін атқаруға қатысты талап деңгейін көтере түсуіне әкеледі, өйткені ерлі-зайыптылардың көбісі қоғамның мәдени дәстүрлері мен өзінің жеке ерекшеліктеріне қарай аталмыш қызметті жүзеге асыруға қабілетсіз. Белгілі бір тәжірибесі, некеге деген дайындығы болмаса, қолынан келгенше тырыспаса жанашырлықтың, өзара сыйластық пен сырластықтың жоғары деңгейіне, отбасы өмірінің басқа да құндылық қырларына қол жеткізу мүмкін емес.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. А.Б.Федулова Семья и семейные ценности: философско - аксиологический анализ. Автореф. к. филооф. н. Москва, 2003
2. Н.А. Зелевская Ценностный подход к проблеме семейного воспитания / Образование, 2004, №6, с.16
3. Е.И. Зритнева Семейведение: учеб.-метод. пособие – Ставрополь, 2002. – 176 с.
4. Д.С. Лихачев Письма о добром. СПб-1999г.

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Абсатова Марфуга Абсатқызы  
педаг. ғылым. докторы,  
Абай ат. ҚазҰПУ профессоры  
Эргашева Жанарай  
Абай ат. ҚазҰПУ 2 курс магистранты  
Алматы қ.

#### ***Аннотация***

*Соңғы онжылдықта жастар денсаулығының нашарлауы, жастардың физикалық дайындығының төмендеу бағыты байқалуда. Зерттеудің мақсаты ЖОО студенттерінің денсаулыққа бағытталған өмірлік ұстанымдарын қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштерін анықтау.*

#### ***Аннотация***

*За последние десятилетия наблюдается ухудшение здоровья молодежи, уменьшение их физической подготовленности. Цель исследования определить компоненты и показатели формирования здоровьеориентированной жизненной позиции студентов вуза.*

#### ***Abstract***

*Over the last decade there has been a deterioration of your health and a reduction in physical fitness for youth. The purpose of the infection is to identify the components and frontiers of the formation of health-based life principles of university students.*

**Түйінді сөздер:** денсаулыққа бағытталған өмірлік ұстанымдар, қалыптастыру, компоненттер, көрсеткіштер.